



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

9 ақпан 2023 жыл

№ 106 – ЦЗ

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Ұйым стандартын бекіту туралы

Теміржол өніміне пайдалану сынақтарын өткізуді ұйымдастыру тәртібіне өзекті сипат беру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Теміржол өнімдері. Пайдалану сынақтарын өткізуді ұйымдастыру» ұйым стандарты бекітілсін.

2. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері және еншілес ұйымдарының басшылары теміржол өнімдеріне пайдалану сынақтарын ұйымдастыру және өткізу кезінде аталған стандартты басшылыққа алсын.

3. «Ұйым стандартын бекіту туралы» 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 14-ЦЗ бұйрығының күші жойылған деп танылсын.

Бас инженер – Техникалық саясат
департаментінің директоры



Б.Котырев

Орынд. Құлбасанова Д.У. – ТЦ
+7 (7172) 60-42-12

БЛАГО

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

Теміржол өнімдері

ПАЙДАЛАНУ СЫНАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

АҚ СТ 1.04-2023

Астана

Алғысөз

1 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Техникалық орталығы **ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ**

2 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Бас инженері – Техникалық саясат департаменті директорының 2023 жылғы «9» сәуірге № 106-23 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**

3 АҚ СТ 620100210058-ТО-01-2022 «Теміржол өнімдері. Пайдалану сынақтарын немесе бақылаудағы пайдалануды ұйымдастыру» ұйым стандартының **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

«Осы стандартты «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының рұқсатынсыз толық немесе ішінара шығаруға, тираждауға және ресми басылым ретінде таратуға болмайды»

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер және анықтамалар	5
4	Белгілеулер және қысқартулар	5
5	Жалпы ережелер	6
6	Сынақтарды өткізуді ұйымдастыру тәртібі.....	6
7	Сынақтардың нәтижелерін рәсімдеу.....	9
	А қосымшасы (<i>міндетті</i>) Өнім үлгілеріне пайдалану сынақтарын өткізуге арналған өтінімдерді есепке алу журналы	10
	Б қосымшасы (<i>міндетті</i>) Пайдалану сынақтарын өткізу туралы шарт.....	11
	В қосымшасы (<i>міндетті</i>) Өнім үлгісін алу туралы акт.....	14
	Г қосымшасы (<i>міндетті</i>) Өнім үлгісінің пайдалану сынақтарын өткізуге дайындығы туралы акт.....	15
	Д қосымшасы (<i>міндетті</i>) Өнім үлгісін пайдалану сынақтарына енгізу актісі	16
	Е қосымшасы (<i>міндетті</i>) Пайдалану сынақтарының аралық/қорытынды нәтижелері туралы акт.....	17
	Ж қосымшасы (<i>міндетті</i>) Куәлік.....	18
	З қосымшасы (<i>міндетті</i>) Куәлікті беруді есепке алу журналы.....	19

ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ

Теміржол өнімдері

ПАЙДАЛАНУ СЫНАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Енгізілген күні *2023 ж. 9 сәуір*

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының магистральдық желісіндегі теміржол өнімдеріне пайдалану сынақтарын өткізуді ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

Осы стандарттың ережелері «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері және оның еншілес ұйымдары үшін міндетті болып табылады.

Пайдалану сынақтары қолданыстағы пайдалану құжаттамасына сәйкес табиғи пайдалану жағдайларында жүргізілетін және жұмыс істеудің сенімділігі мен қауіпсіздігі көрсеткіштерін қосымша бақылаумен сүйемелденетін өнім үлгісін (бұйымдардың берілген санын) тәжірибелік және бақылаудағы пайдалануды қамтиды (бұдан әрі – Сынақтар).

Сынақтар белгіленген тәртіппен өндіріске өнімді әзірлеу және қою кезеңдерінен өткен, жаңадан дайындалған немесе жаңғыртылған теміржол өнімдері үшін міндетті болып табылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалуы қажет:

МЕМСТ 2.104-2006 Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Негізгі жазбалар.

МЕМСТ 2.106-2014 Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттар.

МЕМСТ 15.902-2014 Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Жылжымалы теміржол құрамы. Өнімді әзірлеу және өндіріске қою тәртібі.

МЕМСТ 33477-2015 Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Теміржол инфрақұрылымының техникалық құралдары. Өнімді әзірлеу, өндіріске қою және қолдануға рұқсат беру тәртібі.

АҚ СТ 1.03-2022 Теміржол өнімдері. Сынақ бағдарламалары мен әдістемелерін әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі. Олардың рәсімделуі мен мазмұнына қойылатын талаптар.

Ескерту - Осы стандартты қолдану кезінде ағымдағы жылғы жай-күй бойынша «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогына жыл сайын жарияланатын және ағымдағы жылы шығарылған тиісті мерзімдік жарияланатын ақпараттық каталогқа сәйкес

келетін сілтеме жасалған стандарттар мен жіктеуіштердің іс-қимылын тексеру орынды болып табылады. Егер анықтамалық құжат ауыстырылса (өзгертілген), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылмай күшін жойса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін дәрежеде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады:

3.1 Тапсырыс беруші/Тұтынушы: Теміржол өнімдерін пайдаланатын «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшелері, еншілес ұйымдары.

3.2 Өтініш беруші/Өндіруші: Теміржол өнімдерін дайындаушы немесе жеткізуші.

3.3 Компания: «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы.

3.4 Өнімнің үлгісі: Сынақтарды өткізу үшін өтеусіз негізде Өтініш беруші/Өндіруші ұсынатын теміржол өнімінің бірлігі.

3.5 Сынақтар бағдарламасы мен әдістемесі (СБӘ): Орындалуы міндетті, сынақтардың объектісін және мақсаттарын, жүргізілетін сынақтардың түрлерін, орнын және тізбектілігін және көлемін, қамтамасыз етілуін және олар бойынша есептілікті, сынақтарды жүргізу әдістерін іске асыру қағидасын, сондай-ақ сынақтарды қамтамасыз етуге және жүргізуге жауапкершілікті белгілейтін ұйымдастырушылық-әдістемелік құжат.

3.6 Пайдалану сынақтары: Пайдалану кезінде жүргізілетін объектінің сынақтары.

Ескерту – тәжірибелік сынақ пайдалану сынақтарының негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, белгілі бір дәрежеде шартты түрде пайдалану сынақтарына жатқызылатын бақылаудағы пайдалануды жүзеге асыруға болады. Бақылаудағы пайдалану дегеніміз - бұл табиғи пайдалану болып табылады, оның барысы мен нәтижелері осы мақсат үшін арнайы әзірленген және тағайындалған және ақпарат көзі бақылаудағы пайдалану болып табылатын ақпаратты жинау, тіркеу және алғашқы өңдеу үшін арнайы әзірленген құжаттаманы басшылыққа алатын персоналмен (қосымша немесе тұрақты) бақыланады.

Ескерту – МЕМСТ 16504-8 алынды.

4. Белгілеулер және қысқартулар

Осы стандартта келесі белгілеулер және қысқартулар қолданылады:

ЕҰ – Компанияның еншілес ұйымы.

КҚБЖ – конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі.

КҚ – конструкторлық құжаттама.

ЖҚ – жөндеу құжаты.

ҚБ – Компанияның құрылымдық бөлімшесі.

ТШ – техникалық шешім.

ТЦ – Компанияның Техникалық орталығы.

ЦГ – Компанияның Бас инженері – Техникалық саясат департаментінің директоры.

ПҚ – пайдалану құжаттамасы.

5 Жалпы ережелер

5.1 Теміржол өнімдерінің сынақтары техникалық құжаттамада белгіленген өнім үлгісінің мәлімделген сипаттамалары мен сенімділік көрсеткіштерін растау мақсатында өткізіледі.

5.2 Сынақтарды ұйымдастыру және өткізу кезінде Өтініш берушілер/Өндірушілер осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3 Міндетті сәйкестікті растауға жататын өнім үлгісі Сынақтарға сәйкестікті растау құжатымен бірге (сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларация және т.б.) ұсынылады.

Сынақтарға сәйкестік сертификаты немесе сәйкестік туралы декларациясы жоқ, МЕМСТ 15.902, МЕМСТ 33477 талаптарына сәйкес конструкторлық құжаттамасына «О» литерасы берілген өнім үлгісі рұқсат етіледі.

5.4 Заңнамалық және өзге нормативтік актілерде қарастырылған жағдайларда, ТЦ Өтініш берушіден/Өндірушіден өнім үлгісінің техникалық деңгейін растайтын өзге құжаттар мен материалдарды, сондай-ақ қауіпсіздікке, қоршаған ортаны, азаматтардың денсаулығы мен мүлкін қорғауға мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырушы органдардың қорытындысын талап ете алады.

5.5 Өнім үлгісінің сынақтары басқа сынақ түрлерімен (сертификаттау, қабылдау және т.б.) бірге өткізілуі мүмкін, ол жағдайда СБӨ де көрсетілуі қажет.

6 Сынақтарды өткізуді ұйымдастыру тәртібі

6.1 Сынақтарды өткізуге арналған өтінімді Тапсырыс беруші/Тұтынушы немесе Өтініш беруші/Өндіруші ЦГ-нің атына жібереді.

6.2 Өтініш беруші/Өндіруші өнім үлгісі үшін:

- презентациялық материалын;
- МЕМСТ 33477, МЕМСТ 15.902 талаптарына сәйкес құжаттар жинағын (КҚ, ЖҚ, ПҚ, ТШ, комиссиялардың актілері және т.б.);
- өнім үлгісіне бұрын өткізілген сынақтардың хаттамаларын (бар болған жағдайда);
- егер, өнім сәйкестікті міндетті түрде растауға жататын болса, сәйкестікті растау құжатының көшірмесін (бар болған жағдайда) ұсынады.

6.3 Өнім үлгісіне арналған 6.2-тармағына енгізілген конструкторлық құжаттар жиынтығы КҚБЖ сериялы стандарттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6.4 ТЦ, Өтініш беруші/Өндіруші ұсынған өнім үлгісіне арналған құжаттардың толықтығын қарастырады және оларды А қосымшасында келтірілген Өнім үлгілеріне пайдалану сынақтарын өткізуге арналған өтінімдерді есепке алу журналында тіркейді.

6.5 ТЦ Сынақтарды өткізуге арналған өнім үлгісінің құжаттар жиынтығын қарастырып, оны Компанияның ҚБ және ЕҰ-ға қарау және ұсыныстар енгізу үшін жібереді.

6.6 ТЦ ұсынылған құжаттар сәйкес болған жағдайда, Сынақтарды өткізудің қажеттілігін анықтау үшін Өтініш берушінің/Өндірушінің, ҚБ-ның және ЕҰ-ның қатысуымен ЦГ-да кеңес өткізеді.

6.7 Өнім үлгісінің сынақтарын өткізу мақсатқа сәйкестігі немесе мақсатқа сәйкес еместігі туралы шешім кеңес хаттамасында көрсетіледі.

6.8 Өнім үлгісінің пайдалану сынақтарын өткізудің мақсатқа сәйкестігі туралы шешім қабылданған жағдайда, ЦГ Тапсырыс берушіге/Тұтынушыға өнім үлгісінің сынақтарын өткізу үшін учаскелерді/объектілерді және оларға қойылған талаптарды (жүк кернеулігі, жолдың жоспары, бейіні, жылжымалы құрамның түрлері және т.б.), сынақтардың өткізу жағдайлары мен мерзімін анықтауды тапсырады.

6.9 Кеңес хаттамасында көрсетілген Сынақтарды өткізу туралы шешім, ТЦ үшін сынақтарды өткізуді ұйымдастыруға және Тапсырыс беруші/Тұтынушы (баланс ұстаушы) мен Өтініш берушінің/Өндірушінің арасында осы стандарттың Б қосымшасына сәйкес сынақтарды өткізу туралы шарт жасауы үшін негіз болып табылады.

6.10 Сынақтарды өткізу туралы шартта Өтініш берушінің/Өндірушінің Сынақтар өткізу кезеңіне өтеусіз негізде беретін өнімдер үлгілерінің көлемі (саны) және қайтару қажеттілігі, Сынақтарды өткізу жағдайлары атап көрсетіледі.

6.11 Қажет болған жағдайда, құпия ақпаратты қамтитын құжаттарды алмасу кезінде Компания мен Өтініш беруші/Өндіруші арасында Компанияның жергілікті актілердің талаптарына сәйкес құпиялылық туралы келісім жасалады.

6.12 Өнім үлгісінің сынақтарын өткізуді ұйымдастыру мақсатында, ТЦ белгіленген тәртіппен Компанияның, Тапсырыс берушінің/Тұтынушының құзыретті мамандарынан және Өтініш берушінің/Өндірушінің өкілдерінен (келісім бойынша) тұратын жұмыс тобын құру туралы өкім дайындайды.

Өкім Сынақтарды өткізу кезеңінде қолданыста болады, қажет болған жағдайда толықтырулар мен өзгертулер енгізілуі мүмкін.

6.13 Жұмыс тобының жұмысын Тапсырыс берушінің/Тұтынушының бас инженері немесе Тапсырыс беруші/Тұтынушы басшысының техникалық даму үшін жауапты орынбасары немесе лауазымы сәйкес басшы басқарады.

Жұмыс тобының басшысы уақытша болмаған жағдайда (іссапар, демалыс, еңбекке уақытша жарамсыздық және т.б.) оны жұмыс тобы басшысының орынбасары ауыстырады.

6.14 Сынақтарды жүргізу кезінде қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен аккредиттелген сынақ зертханасын (орталықты) тартуға болады.

6.15 Сынақ зертханасы (орталық) орындайтын жұмыс түрлері мен көлемі Сынақтарды өткізу туралы шартта, сондай-ақ СБӨ-де белгіленуі тиіс.

6.16 Өнім үлгісінің сынақтарын өткізу үшін ТЦ Өтініш берушімен/Өндірушімен бірлесіп СБӨ әзірлейді және оны Компанияның қатысты ҚБ-мен және ЕҰ-мен келіседі. СБӨ ЦГ-мен бекітіледі.

Осы стандарттың 6.14-тармағында көрсетілген жағдайда СБӨ-ні сынақ зертханасы (орталық) әзірлейді.

6.17 СБӨ АҚ СТ 1.03-2022 сәйкес әзірленеді.

6.18 СБӨ-де Сынақтарды жүргізу шарттары мен мерзімдері көрсетіледі. Өнім үлгісінің мақсатына қарай Сынақтар мерзімдері тараптардың келісімі бойынша әртүрлі климаттық жағдайларды (қысқы және жазғы кезендерді) ескере отырып келісіледі және келесідей белгіленеді:

- күнтізбелік мерзім бойынша (ай);
- жүргені бойынша, (км. мың);
- өткізілген тоннаж бойынша (млн. тонн брутто);
- немесе Тапсырыс берушімен/Тұтынушымен келісілген басқа критерийлер.

Жолдың жоғарғы құрылымының материалдары үшін Сынақтарды өткізу мерзімі кемінде бір жыл болуы тиіс.

6.19 Тапсырыс беруші/Тұтынушы Өтініш берушіден/Өндірушіден өнімнің үлгісін алғаннан кейін осы стандарттың В қосымшасына сәйкес қабылдау актісін жасайды.

Өнім үлгісінде Өтініш берушінің/Өндірушінің айқын қойылған тауарлық белгісі болуы тиіс және белгілі бір түске боялған және нөмірленген болуы тиіс.

6.20 Өтініш беруші/Өндіруші Тапсырыс берушімен/Тұтынушымен (баланс ұстаушы) бірлесіп, дайындық жұмыстарын өткізгеннен кейін (орнату, тартылған жұмысшыларды оқыту, өнім үлгісінің жұмыс ерекшеліктерін ескере отырып, нормативтік-техникалық құжаттамаға өзгерістер енгізу және т.б.) осы стандарттың Г қосымшасына сәйкес Сынақтар өткізуге әзірлігі туралы актіні ресімдеп, ТЦ мекенжайына Сынақтар өткізуге дайын екені туралы хабарлама жібереді.

6.21 ТЦ, Сынақтар өткізуге дайын екені туралы хабарламаны алғаннан кейін ЦГ-нің қолымен ҚБ-ға және ЕҰ-ға Сынақтардың басталуы туралы телеграфтық нұсқауды жібереді.

6.22 Жұмыс тобы телеграфтық нұсқаудың негізінде осы стандарттың Д қосымшасына сәйкес енгізу актісін ресімдей отырып, өнім үлгісін Сынақтарға енгізуді жүргізеді. Сынақтардың басталуы деп өнім үлгісін енгізу актісін жасалған күні болып есептеледі.

6.23 Егер өнім үлгісінің сынақтарын өткізу процесінде үлгі конструкциясында, қызмет көрсетуші персоналдың қауіпсіздігіне, поездардың қозғалыс қауіпсіздігіне, өрт қауіпсіздігіне қатер төндіретін ақаулықтар мен

ақаулар анықталған жағдайда жұмыс тобы одан әрі шешім қабылдағанға дейін, Сынақтарды тоқтата отырып ақаулық актісі жасалады.

6.24 Ақаулық актісінде мыналар көрсетілуі керек:

- ақаулар мен ақаулықтардың анықталу күні мен орны (учаскесі);
- ақаулар мен ақаулықтардың тізбесі;
- ақаулар мен ақаулықтарды анықтаған қызметкерлер мен ұйымның деректері.

6.25 Ақаулық актісінің негізінде жұмыс тобы Сынақтардың аяқталғаны туралы шешім шығарады немесе Сынақтарды жалғастыру үшін қажетті іс-шараларды жасайды.

7 Сынақтардың нәтижелерін ресімдеу

7.1 Сынақтардың аралық (сынақ барысын тексеру мерзімдері СБӨ-де айқындалады) және қорытынды мәндерінің нәтижелері осы стандарттың Е қосымшасына сәйкес «Пайдалану сынақтарының аралық/қорытынды нәтижелері туралы актіде» тіркеледі.

7.2 Сынақтарды өткізу қорытындысын жұмыс тобы жиналыс хаттамасын ресімдей отырып шығарады, онда өнім үлгісін қолдану бойынша ұсынымдар, нәтижелер көрсетіледі.

7.3 Жұмыс тобы шешімінің нәтижелері бойынша ТЦ қорытынды есеп қалыптастырады, онда сынақтар жүргізу барысында ресімделген барлық құжаттар қоса беріле отырып, өткізілген сынақтар нәтижелері туралы нақты деректер қамтылуы тиіс.

Қорытынды есеп жұмыс тобының мүшелерімен келісіледі және ТЦ басшысымен бекітіледі.

7.4 ТЦ Сынақтар қорытындысы бойынша өнім үлгісін қолдану мүмкіндігі туралы шешімдер шығару үшін жұмыс тобының қатысуымен ЦГ-да кеңес өткізеді.

7.5 ЦГ және жұмыс тобының мүшелері қабылдаған Сынақтардың оң нәтижелері кезінде, ТЦ қажет болған жағдайда осы стандарттың Ж қосымшасына сәйкес теміржол өнімдерінің тәжірбиелік үлгісі Сынақтардан сәтті өткені туралы куәлікті рәсімдейді.

7.6 Куәліктің түпнұсқасы Өтініш берушінің/Өндірушінің басшысына, не сенімхаттың негізінде уәкілетті өкіліне осы стандарттың 3 қосымшасында келтірілген журналға қол қойғызып беріледі, көшірмесі ТЦ-да сақталады.

7.7 ТЦ Өтініш берушіге/Өндірушіге куәлік берілгені туралы Компанияның қатысты ҚБ мен ЕҰ-ын хабардар етеді.

А қосымшасы
(міндетті)

Өнім үлгілеріне пайдалану сынақтарын өткізуге арналған өтінімдерді есепке алу журналы

P/c №	Өнім үлгісіне Өтініш беруші/ Өндіруші (Тапсырыс беруші/ Тұтынушы) хатының шығыс № , күні	Өнім үлгісін Өтініш беруші /Өндіруші (компания, елі) немесе (Тапсырыс беруші/ Тұтынушы)	Өнім үлгісінің атауы	Өнім үлгісінің пайдалану сынақтарын өткізу туралы шешім (хағтаманың №, күні)	Өнім үлгісінің пайдалану сынақтарын өткізу үшін жұмыс тобын құру туралы өкімнің №, күні	Жұмыс тобының басшысы	Өнім үлгісінің пайдалану сынақтарының нәтижесі (қысқаша мазмұны, ұсынымдары, кеңес хаттамасының №, күні)
1	2	3	4	5	6	7	8

Б қосымшасы*(міндетті)*

Шарттың мәтініне тараптардың келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Пайдалану сынақтарын өткізу туралы шарт
(өнім үлгісінің атауы)

Астана қ. № _____ 20__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші/Тұтынушы» деп аталатын «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, _____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында бір тараптан және бұдан әрі «Өтініш беруші/Өндіруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____ тұлғасында екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, төмендегі туралы осы шартты жасасты.

1. Шарттың мәні

1.	Тапсырыс	беруші/Тұтынушы
өнім үлгісінің атауы		

пайдалану сынақтарын өткізу бағдарламасында және әдістемесінде көрсетілген көлемде пайдалану сынақтарын өткізу жөнінде қызметтер көрсетуге (бұдан әрі – қызметтер) міндеттеме алады, ал Өтініш беруші/Өндіруші шарт ережелеріне сәйкес көрсетілетін қызметтерді қабылдауға міндеттеме алады.

2 Қызметтерді көрсету мерзімі пайдалану сынақтарын өткізу бағдарламасында және/немесе әдістемесінде анықталған.

2. Шарт ережелері

3. Өтініш беруші /Өндіруші жоспарланып отырған пайдалану сынақтарын өткізу аясында Тапсырыс берушіге/Тұтынушыға өтеусіз негізде өнім үлгісін ұсынады.

4. Тапсырыс беруші/Тұтынушы өнімнің үлгісін қабылдайды және сынақтарды өткізу үшін орын және/немесе объект ұсынады. Тапсырыс берушінің/Тұтынушының объектісі болып табылмайтын немесе Қазақстан Республикасының аумағында орналаспаған полигонда сынақтар өткізу қажеттілігі жағдайында, Өтініш беруші/Өндіруші осындай объектінің жеке меншік иесі болып табылатын ұйыммен объектінің жалдау шығыны ескерілетін сынақтар өткізу туралы шарт жасасады.

5. Өтініш беруші/Өндіруші өнім үлгісін пайдалану сынақтарын өткізу кезінде залал келтіруінің мүмкіндігінен өз есебінен сақтандырады. Егер сақтандыру сынақтарды өткізу процесінде келтірілген залалдардың сомасын өтемейтін болса, сынақтарды өткізу процесінде келтірілген залалдардың сомасын Өтініш беруші/Өндіруші өтейді.

3. Тараптардың жауапкершілігі

6. Тараптар осы шарт ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өздеріне қабылдаған міндеттемелерді тиісінше орындауға міндеттеме алады.

7. Тараптардың осы шарт міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады.

4. Тойтарылмас күш жағдайлары

8. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындау үшін жауапкершіліктен, егер мұны Тараптар алдын ала білуі немесе қарастыруы мүмкін емес тойтарылмас күш жағдайларының: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, соғыс, ереуілдер, мемлекеттік органдар актілерінің қабылдануы сияқты жағдайлардың пайда болуы салдарынан және егер бұл жағдайлар шарттың орындалуына әсер етсе, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мұндай жағдайлардың әрекетте болуы кезіндегі уақытқа сәйкестей отырып жылжытылады.

9. Тарап бұл үшін шарт бойынша міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі пайда болған жағдайда жоғарыда аталған жағдайлардың туындауы және тоқтатылуы туралы екінші Тарапты 3 (үш) күн ішінде хабардар етуге міндетті.

10. Егер тойтарылмас күш жағдайлары мен олардың салдары 2 (екі) аптадан артық созылатын болса, онда Тараптардың кез келгені бұл жайында екінші Тарапты хабардар ете отырып, бір жақты тәртіппен шарттың қолданыста болуын тоқтатуға құқығы бар.

5. Дауларды реттеу тәртібі

11. Осы шарт Тараптарының арасында немесе осымен байланысты пайда болатын барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

12. Келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта қарауға жатады.

6. Шартты бұзу

13. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда бұзылуы мүмкін.

14. Тараптардың әрқайсысының осы шартты, бұл туралы екінші Тарапты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей ескертіп, бір жақты тәртіппен бұзуға құқығы бар, сонан кейін шарт бұзылған деп саналады.

7. Қорытынды ережелер

15. Осы шарт Тараптарының құқықтары мен міндеттерін Тараптар екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.

16. Осы шартқа енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған жағдайда және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болып табылады.

17. Осы Шарт бойынша қарастырылған барлық хабарламалар мен басқа хабарлар жазбаша нысанда жасалуы тиіс. Барлық хабарламалар мен хабарлар жеке, факсимильді байланыспен немесе курьерлік почтамен Тараптардың біреуінің мекенжайы бойынша жеткізілсе, тиісті түрде жеткізілген деп саналады.

18. Осы шарттан туындайтын құқықтық қатынастар бойынша талаптар мен наразылықтар Тараптарда оны қоюға құқықтар пайда болған сәттен бастап үш жыл ішінде Тараптардың қарауы үшін міндетті.

19. Осы шарт заңдық күші бірдей төрт данада, Тараптардың әрқайсысы үшін екі данадан, қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Осы шартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөліктері болып табылады.

20. Осы шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және тараптардың өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін күшінде болады.

8. Тараптардың мекенжайлары, деректемелері және қолдары

Тапсырыс беруші	Орындаушы
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
_____	_____
(мекенжайы)	(мекенжайы)
_____	_____
(есеп шоты, банктің атауы)	(есеп шоты, банктің атауы)
_____	_____
(МФО, БИК, КБЕ, БИН)	(МФО, БИК, КБЕ, БИН)

В қосымшасы
(міндетті)

Өнім үлгісін алу туралы акт

_____ қаласы

20__ жылғы «__» _____ №__

Өтініш беруші/Өндіруші 20__ жылғы «__» _____ пайдалану сынақтарын өткізу үшін келесі өнім үлгілерін ұсынды:

р/с №	Өнім үлгісінің атауы	Өнім үлгісінің өлшем бірлігі	Өнім үлгілерінің саны	Өнім үлгісінің нормативтік құжаты (техникалық паспорты)	Өнім үлгісінің техникалық жай-күйі (ақаулардың, зақымданулардың болуы)	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7

Өтініш беруші/Өндіруші _____

Тапсырыс беруші/Тұтынушы _____

Г қосымшасы
(міндетті)**Өнім үлгісінің пайдалану сынақтарын өткізуге дайындығы туралы акт**_____
Өткізу орны_____
Өткізу күні

Біз, төменде қол қойғандар, пайдалану сынақтарын жүргізу мақсатында дайындық жұмыстарын орындағанымыз туралы осы актіні жасадық

өнім үлгісінің атауы

Бұл ретте келесі жұмыстар орындалды:

**Өтініш
беруші/Өндіруші**_____
лауазымы_____
ҚОЛЫ_____
Т.А.Ө.**Тапсырыс беруші/
Тұтынушы**_____
лауазымы_____
ҚОЛЫ_____
Т.А.Ө.

Д қосымшасы
(міндетті)

Өнім үлгісін пайдалану сынақтарына енгізу актісі

Өткізу орны

Өткізу күні

№ _____ өкіммен құрылған жұмыс тобы _____

объект

өнім үлгісінің атауы

пайдалану сынақтарына енгізгені туралы осы актіні жасады.

Келесі жұмыс жүргізілді:

**Жұмыс тобының
басшысы**

лауазымы

қолы

Т.А.Ә

**Жұмыс тобының
мүшелері**

лауазымы

қолы

Т.А.Ә

Е қосымшасы
(міндетті)

**Пайдалану сынақтарының
аралық/қорытынды нәтижелері туралы акт**

Өткізу орны _____

Өткізу күні _____

№ _____ өкіммен құрылған жұмыс тобы _____

объект _____

өнім үлгісінің атауы _____

пайдалану сынақтарын өткізу кезінде/пайдалану сынақтарының нәтижесі бойынша осы актіні жасады және _____

_____ анықтады.

Санайды:

Ұсынады:

**Жұмыс тобының
басшысы**

_____ лауазымы

_____ қолы

_____ Т.А.Ә

**Жұмыс тобының
мүшелері**


_____ лауазымы

_____ қолы

_____ Т.А.Ә

Ж қосымшасы
(міндетті)

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



КУӘЛІК

№ _____ ТІРКЕУ НОМЕРІ

ОСЫ КУӘЛІК

ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ

ӨНДІРУШІ

ӨНІМ

**СЫНАҚТАН СӘТТІ ӨТКЕНІН КУӘЛАНДЫРАДЫ ЖӘНЕ «ҚТЖ» ҰК» АҚ
ТЕМІРЖОЛ ЖЕЛІСІ МАГИСТРАЛІНДЕ ҚОЛДАНУҒА ЖӘНЕ ЕНГІЗУГЕ
ҰСЫНЫЛАДЫ**

КУӘЛІК _____ НЕГІЗІНДЕ БЕРІЛДІ

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

БЕРІЛГЕН КҮНІ _____

**Бас инженер –
Техникалық саясат
Департаментінің директоры _____**

қопы

аты-жөні, тегі

3 қосымшасы
(міндетті)

Қуәлік беруді есепке алу журналы

Р/с №	Өтініш беруші/Өндіруші атауы	Өнім үлгісінің атауы	Т.А.Ә.		Қуәлікті алушының Т.А.Ә., қолы	Қуәліктің берілген күні
			Қуәлікке қол қойған	Қуәлікті берген		



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

9 февраля 2023 года

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 106 - ЦЗ

город Нур-Султан

Об утверждении стандарта организации

В целях актуализации порядка организации проведения эксплуатационных испытаний железнодорожной продукции **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый стандарт организации «Железнодорожная продукция. Организация проведения эксплуатационных испытаний».

2. Руководителям структурных подразделений и дочерних организаций акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» при организации и проведении эксплуатационных испытаний железнодорожной продукции руководствоваться указанным стандартом.

3. Приказ от 19 января 2022 года №14-ЦЗ «Об утверждении стандарта организации» признать утратившим силу.

Главный инженер –
директор Департамента
технической политики



Б.Котырев

Исп. Кулбасанова Д.У. – ТЦ
+7 (7172) 60-42-12

БЛАГО

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

СТАНДАРТ ОРГАНИЗАЦИИ

Железнодорожная продукция

**ОРГАНИЗАЦИЯ ПРОВЕДЕНИЯ ЭКСПЛУАТАЦИОННЫХ
ИСПЫТАНИЙ**

СТ АО 1.04-2023

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Техническим центром акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ Приказом Главного инженера – директора департамента технической политики акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» от «9» февраля 2023 года № 106-УЗ

3 ВВЕДЕН ВЗАМЕН СТ АО 620100210058-ТЦ-01-2022 «Железнодорожная продукция. Организация эксплуатационных испытаний или подконтрольной эксплуатации»

«Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

Содержание

1	Область применения.....	4
2	Нормативные ссылки.....	4
3	Термины и определения.....	5
4	Обозначения и сокращения.....	5
5	Общие положения.....	6
6	Порядок организации проведения Испытаний.....	6
7	Оформление результатов Испытаний.....	9
	Приложение А (обязательное) Журнал учета обращений на проведение эксплуатационных испытаний образцов продукции.....	10
	Приложение Б (обязательное) Договор о проведении эксплуатационных испытаний.....	11
	Приложение В (обязательное) Акт о получении образца продукции.....	14
	Приложение Г (обязательное) Акт о готовности образца продукции к проведению эксплуатационных испытаний.....	15
	Приложение Д (обязательное) Акт ввода образца продукции в эксплуатационные испытания.....	16
